

БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық – техникалық университеті»  
КеАК Басқарма Төрағасы – ректор  
А.М. Наметов  
« 07 » 09 20 18 ж.

**АВТОПАРК МЕНГЕРУШІСІНІН**  
ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСКАУЛЫҒЫ  
СМЖ.07.ЛН.91

№ 00басылым  
№ \_\_\_\_\_ дана

Дайындалды: 03.09.2018м.	Келісілді: 05.09.2018м.	Енгізілді: 07.09.2018м.
Исмагулов М.А. <u>Исмагулов</u>	Тагаев О.О. <u>Тагаев</u> Таршилова Л.С. <u>Таршилова</u> Бисенбиев Б.І. <u>Бисенбиев</u> Ерболатқызы Т. <u>Ерболатқызы</u>	Алғашқы рет. Қайта каралуы: 07.09.2018м.

**Мазмұны:**

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты,	Қолы

## **Бағыты**

Нұсқау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және бағыныштылығы, құқығы, жауапкершілігі мен біліктілік талаптарын анықтау мақсатындағы бірдей тарифтік-біліктілік анықтамалыққа сәйкес жасалды.

### **1. Қолдану саласы**

Нұсқау автопарк меңгерушісінің қызметіне арналған.

### **2. Лауазымдық міндеттері.**

3.1. Автопарктың меңгерушісі қызметінің міндеттері.

3.1.1. Жабдықтың барлық түрлерінің апатсыз және үздіксіз жұмыс істеуін, оларды дұрыс пайдалануды, уақтылы сапалы жөндеуді және техникалық қызмет көрсетуді, оны жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуді және жабдықты жөндеуден өткізудің үнемділігін қамтамасыз етеді, автокөліктерді қалыпты күйде ұстауға, оларды жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге;

3.1.2. Жабдықты қараудың, тексерудің және жөндеудің күнтізбелік жоспарларын (кестелерін), орталықтандырылған күрделі жөндеуге арналған, жоспарлы алдын ала және ағымдағы жөндеуге қажетті материалдар, қосалқы бөлшектер, құралдар және тағы басқа алуға арналған өтінімдер дайындауды, жабдыққа арналған паспорттарды, қосалқы бөлшектерге арналған ерекше нұсқамаларды және басқа техникалық құжаттаманы жасауды ұйымдастырады. Бекітілген кесте бойынша жылжымалы құрамның техникалық қалыпты күйде шығуын ұйымдастыруға;

3.1.3. Жүргізушілердің автомашиналардың, тракторлардың құрылғыларын техникалық пайдалану ережелерін сақтауын қадағалау мен оларға қажетті техникалық көмек көрсетуді қамтамасыз етуге;

3.1.4. Жабдықтың, жекелеген бөлшектер мен түйіндердің мерзімінен бұрын тозу себептерін анықтау мақсатында, олардың жұмыс талаптарын зерделейді, жабдықтың техникалық жай-күйіне байланысты тұрып қалу себептеріне және ұзақтығына талдау жүргізуді жүзеге асырады. Тораптардың және тетіктердің бөлшектерін жөндеу мен қалпына келтірудің прогрессивтік әдістерін, сондай-ақ жабдықтың қызмет көрсету мерзімін көбейту, олардың тұрып қалуын қысқарту және ауысымдылығын арттыру, апаттар мен өндірістік жарақаттың алдын алу, көп еңбек жұмсалуды және жөндеудің өзіндік құнын төмендету, оның сапасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және еңгізуге;

3.1.5. Өз қызмет өкілеттілігі шеңберінде сапа менеджменті бойынша құжаттар дайындап, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге;

3.1.6. Бекітілген номенклатураға сәйкес іс жүргізу жұмыстарының сапалығын қамтамасыз етуге;

3.1.7. Еңбектің қауіпсіз және денсаулыққа зиянсыз шарттарын, сонымен қатар жұмыс істеушілерге еңбек шарттары бойынша уақытында жеңілдіктер жасауды қамтамасыз етуге;

3.1.8. Ішкі және сыртқы аудит бойынша ескерту және түзету әрекеттерінің уақытында орындалуын қамтамасыз етуге;

3.1.9. Болған жол-транспорттық жағдайларын және жүргізушілердің жол жүру ережелерін бұзу себептерін талдауға;

СМЖ.07.ЛН.91

АВТОПАРК МЕНГЕРУШІСІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

өзгерістер: 04

3 –5 беттен

3.1.10. Жанар - жағар материалдармен қамтамасыз ету бойынша жылжымалы құрамға дер кезінде қызмет көрсетуі мен дұрыс сақталуы бойынша қадағалау жүргізуге;

3.1.11. Жұмыс істеушілердің еңбекті қорғау, өндірістік және еңбек тәртіптерінің ережелерімен нормаларын ішкі еңбек тәртіптері, ережелері сақтауды қамтамасыз етуге;

3.1.12. СМЖ талаптарының орындалуын өз қызметіне құзырына қолдап отыру.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. Автопарктің меңгерушісі қызметке ректордың бұйрығы мен қызметке тағайындалып қызметтен босатылады;

3.2.2. Автопарктің меңгерушісі департамент директорына тікелей бағынады.

3.3. Автопарктің меңгерушісі төмендегілерді білуі тиісті.

3.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілері, автопарк меңгерушісі өз қызметінің ерекшелігі бойынша, жабдықты, үй-жайларды, ғимараттарды жөндеу жөніндегі қаулы, өкім, бұйрықтар, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар, кәсіпорында жөндеу қызметін ұйымдастыру, жоспарлы - алдын ала жөндеу және технологиялық жабдықты тиімді пайдалану жүйесі, кәсіпорынның техникалық даму перспективалары, техникалық сипаттамалар, құрастыру ерекшеліктері, жұмыс режимдері және механикалық жабдықты техникалық пайдалану ережесі, жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру және технология, жабдықты бөлшектеу, реттеу және іске қосу әдістері, жабдықты жөндеуге өткізу және жөндеуден кейін қабылдау ережесі, кәсіпорын өнімін шығару технологиясының негіздері, жабдыққа арналған паспорттар, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, ақаулардың ведомостары, ерекше нұсқаманы және басқа техникалық құжаттаманы жасау тәртібі, жабдықты жөндеуге өткізу және жөнделгеннен кейін қабылдау ережесі, майлау-эмульсия шаруашылығын ұйымдастыру, жабдықты пайдалану, жөндеу және жетілдіру кезінде еңбекті ұтымды ұйымдастыру талаптары, кәсіпорынға жөндеу қызметін көрсетудің алдыңғы қатардағы отандық және шетелдік тәжірибесі, экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздері, еңбек заңнамасы;

3.3.2. Университеттің қысқа уақыттағы даму болашағын және оларды жүзеге асыру бойынша негізгі шараларды;

3.3.3. Орындалатын жұмыс бойынша университеттің жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттарды;

3.3.4. Осы лауазымдық нұсқаулықты.

3.4. Мамандық бойынша қойлатын талаптар.

3.4.1. Тиісті мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және маман лауазымында мамандығы бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілімі немесе тиісті мамандығы бойынша орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілімі болуы тиіс;

3.4.2. Ұйымдастыру қабілетіне ие болу, жауапкершілігі жоғары, талапшы, тез шешім қабылдай алуы, тіртіпті, адамдармен жұмыс жасау қабілетін иеленуі керек;

3.4.3. Іс жүргізу және қызмет ету деңгейінде мемлекеттік тілді білу керек.

### **3. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі**

4.1. Автопарктің меңгерушісі жауапкершілікке алады:

4.1.1. Қазақстан Республикасының еңбек заңына сай құрылған, қызметтік нұсқауда

көрсетілген өзінің қызметтік міндеттерін тиісті деңгейде орындамаған жағдайда;

4.1.2. Қызмет ету барысында құқық бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының

әкімшілік қылмыстық және азаматтық заңдарын бұзған негізінде жауапқа тартылады, материалдық шығын келтірген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек, қылмыстық және азаматтық заңдары негізінде жауапқа тартылады.

4.2. Автопарктің меңгерушісі өкілетті.

4.2.1. Түрлі ұйымдармен өз өкілеттілігі шеңберінде университет атынан қарым-қатынас жасауға;

4.2.2. Атқарып отырған қызметі шеңберінде құжаттарға қол қоюға және виза жасауға.

4.3. Автопарктің меңгерушісі құқылы.

4.3.1. Кәсіптік қызметін атқару үшін қажетті еңбек жағдайлармен қамтамасыз етілуге;

4.3.2. Кәсіптік мамандық деңгейін көтеруге;

4.3.3. Ұжымдық басқару органдарына сайлануға;

4.3.4. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру

департаментінің жұмыстарын жақсарту мақсатында университет кеңесіне

ұсыныстар еңгізуге;

4.3.5. Жылына 30 күнтізбелік тұратын, ақысы төленетін еңбек демалысын алуға;

4.3.6. Өзінің кәсіби абыройы мен қадірін қорғауға.

## **5. Құжаттама**

## **6. Сілтемелер**

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015ж. №414-в;

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007ж. №319;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы 11.07. 1997ж №151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы 18.11. 2015ж №410-в;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.05.2012ж. №201-ө-м бұйрығы «Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы»;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» жарғысы;

СМЖ.08.ҚЕ.06. Университеттің ішкі тәртіп ережесі;  
ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.

СМЖ.07.ЛН.91

АВТОПАРК МЕНҒЕРУШІСІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ ҰҚСАУЛЫҒЫ

өзгерістер: 04

5 – 5 беттен